**Протокол общественных слушаний посредством открытых собраний по проекту «Отчета о возможных воздействиях» к рабочему проекту "Строительство центра переработки, обработки, сортировки и утилизации неопасных коммунальных отходов со вспомогательными зданиями и сооружениями по адресу: Акмолинская область, Целиноградский район, в границах села Коянды, учетный квартал 014, земельный участок 2692, РКА 2202000189842571".**

1. Наименование местного исполнительного органа административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения) или аппарата акима соответствующей административно-территориальной единицы (сел, поселков, сельских округов), на территории которого осуществляется деятельность, или на территорию которого будет оказано влияние: **ГУ «Аппарат акима села Коянды Целиноградского района», ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области»**

2. Предмет общественных слушаний: **Проект «Отчета о возможных воздействиях» к рабочему проекту "Строительство центра переработки, обработки, сортировки и утилизации неопасных коммунальных отходов со вспомогательными зданиями и сооружениями по адресу: Акмолинская область, Целиноградский район, в границах села Коянды, учетный квартал 014, земельный участок 2692, РКА 2202000189842571"**
*(полное, точное наименование рассматриваемых проектных материалов)*

3. Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения) или аппарата акима соответствующей административно-территориальной единицы (сел, поселков, сельских округов), в адрес которого направлены документы, выносимые на общественные слушания.
**РГП на ПХВ «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» при МЭГПР РК**

4. Местонахождение намечаемой деятельности: **Акмолинская область, Целиноградский район, в границах села Коянды, учетный квартал 014, земельный участок 2692. Географические координаты: 51°15'05"С, 71°33'22.42"В.**
*(полный, точный адрес, географические координаты территории участка намечаемой деятельности)*

5. Наименование всех административно-территориальных единиц, затронутых возможным воздействием намечаемой деятельности: (-)
**Акмолинская область, Целиноградский район, с. Коянды.**
*(перечень административно–территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности и на территории которых будут проведены общественные слушания)*

6. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: **Товарищество с ограниченной ответственностью "Арқа-Тазалық", БИН: 231140034939, 8-700-776-7474**
*(в том числе точное название, ведомственная подчиненность, юридический и фактический адрес, БИН, ИИН, телефоны, факсы, электронные почты, сайты и другую информацию)*

Представитель: **Рыскулов К.С.**

7. Реквизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях, или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегической экологической оценке, или разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы.
**Разработчик проекта: ИП «Иваненко А.А.», ИИН 830831350314.**
**Республика Казахстан, Акмолниская область, г. Кокшетау, микр. Центральный,54, н.п. 36**
**сот.:+7(702)1889815, e-mail: consult_ecopro@mail.ru**

*(в том числе точное название, ведомственная подчиненность, юридический и фактический адрес, БИН, ИИН, телефоны, факсы, электронные почты, сайты и другую информацию)*

8. Дата, время, место проведения общественных слушаний (дата(-ы) и время открытого собрания общественных слушаний): **Акмолинская область, Целиноградский район, с.Коянды, Школа-лицей №3 (актовый зал) Мангелик ель 7160, 069-й учетный квартал, 6123. 14/08/2025 15:00 часов**.
**Дата, время начала регистрации участников: 14 августа 2025 года в 14:50 ч.**
**Время начала общественных слушаний: 14 августа 2025 г. в 15:17 ч.**
**Время окончания общественных слушаний: 14 августа в 16:47 ч.**
*(дата, время начала регистрации участников, время начала и окончание общественных слушаний, полный и точный адрес места проведения слушаний. В случае продления общественных слушаний указываются все даты)*

9. Копия письма-запроса от инициатора намечаемой деятельности и копия письма-ответа местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы), о согласовании условий проведения общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний **(Приложение 1 и 2)**

10. Регистрационный лист участников общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний. **(Приложение 3)**

11. Информация о проведении общественных слушаний распространена на государственном и русском языках следующими способами:

1) на Информационном портале;
**https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=26799**

2) на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа (областей, городов республиканского значения, столицы) или официальном интернет-ресурсе государственного органа-разработчика

**Сайт ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области»**
**https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/documents/details**
*(наименование и ссылки на официальные интернет–ресурсы и даты публикации)*

3) в средствах массовой информации, в том числе, не менее чем в одной газете, и посредством не менее чем одного теле- или радиоканала, распространяемых на территории соответствующих административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы), полностью или частично расположенных в пределах затрагиваемой территории, не позднее чем за двадцать рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний:

**Районная газета "Esil-Nura" №26 (427) от 10.07.2025 г., «Вестник Акмола» №27 (429) от 10.07.2025 г.**
*(название, номер и дата публикации объявления в газете, с приложением сканированного объявления: сканированные титульная страница газеты и страница с объявлением о проведении общественных слушаний)*

**Радиостанция «NS» от 10.07.2025 года. Эфирная справка прилагается в Приложении 5.**
*(название теле или радиоканала, дата объявления: электронный носитель с видео- и аудиозаписью объявления о проведении общественных слушаний на теле или радиоканале подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний)*

4) на досках объявлений местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения, сел, поселков, сельских округов) и в местах, специально предназначенных для размещения объявлений в количестве объявлений по адресам

**Вывешено объявления на казахском и русском языке в с. Коняды.**
**Фотоматериалы прилагаются в приложении 6 к протоколу общественных слушаний.**

Фотоматериалы прилагаются к настоящему протоколу общественных слушаний.

12. Решения участников общественных слушаний:

**Избрание секретаря**
**В качестве секретаря общественных слушаний был (а) избран (а) - Курмангалиев Е.Е.**
**"за"- 25 чел., "против" – 0 чел., "воздержались"- 2 чел.**
(о выборе секретаря. Указать количество участников общественных слушаний "за", "против", "воздержались")

**Утверждение регламента**
**Выступление основных докладчиков – 10-15 минут**
**Вопросы/замечания – ориентировочно от 5 минут и более (для уточнения вопроса). Вопросы должны быть по существу общественного слушания и в соответствии с повесткой дня собрания.**
**Ответы на вопросы – ориентировочно от 5 минут и более (для более полного пояснения).**
**Выступающие с инициативными выступлениями – ориентировочно до 5 минут.**
**Планируемая длительность собрания – ориентировочно 1,0 час.**
**"за"- __25_ чел., "против" – 0 чел., "воздержались"- 0 чел.**
(об утверждении регламента. Указать количество участников общественных слушаний "за", "против", "воздержались")

13. Сведения о всех заслушанных докладах:
**Представитель ТОО «Арқа-Тазалық» - Нургалиев Ернур с докладом по проектным материалам.**
*(фамилия, имя и отчество (при наличии) докладчика, должность, наименование представляемой организации)*
***количество страниц - _2_, слайдов - _6__, файлов -0, плакатов -0, чертежей -0*** *(тема доклада, количество страниц, слайдов, файлов, плакатов, чертежей)*
**Тексты докладов по документам и слайд, выносимым на общественные слушания, прилагаются к настоящему протоколу общественных слушаний (приложение 7).**

14. Сводная таблица, которая является неотъемлемой частью протокола общественных слушаний, и содержит все замечания и предложения заинтересованных государственных органов и общественности, представленные в письменной форме в соответствии с пунктом 18 настоящих Правил или озвученные в ходе проведения общественных слушаний; ответы и комментарии Инициатора по каждому замечанию и предложению. Замечания и предложения, явно не имеющие связи с предметом общественных слушаний, вносятся в таблицу с отметкой «не имеют отношения к предмету общественных слушаний».

Сводная таблица замечаний и предложений, поступивших ***перед общественными слушаниями***:

| № | Замечания и предложения участников (фамилия, имя и отчество (при наличии) участника, должность, наименование представляемой организации) | Ответы на замечания и предложения (фамилия, имя и отчество (при наличии) отвечающего, должность, наименование представляемой организации) | Примечание (снятое замечание или предложение, «не имеет отношения к предмету общественных слушаний») |
|---|---|---|---|
| Замечаний и предложений не представлено. | | | |

Сводная таблица замечаний и предложений, поступивших ***в ходе общественных слушаний***:

| № | Замечания и предложения участников (фамилия, имя и отчество (при наличии) участника, должность, наименование представляемой организации) | Ответы на замечания и предложения (фамилия, имя и отчество (при наличии) отвечающего, должность, наименование представляемой организации) | Примечание (снятое замечание или предложение, «не имеет отношения к предмету общественных слушаний») |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының тұрғыны**: Неше гектар алатын болады? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр**: 20 гектар | **Снято** |
| | **Қоянды ауылының тұрғыны Ахметов Серік**: Онкологиялық ауруға әкеледі дейді. Сол туралы не айтасыздар? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр**: Жаңағы айтқанымыздай, бізде экологиялық экспертиза шешіміз бар. Ешқандай суға, ауаға зиянын тигізбейді деген. Сосын онкологиялық аурудан қайтыс болғандардың себебін білсе дұрыс болар, оған бұл қоқыс зауытының ешқандай қатысы жоқ шығар. | **Снято** |
| | **Қоянды ауылының тұрғыны Мұқанов Өрге:** Бұл проект нпше жылда салынып бітеді? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Жалпы 3 кезеңнен тұрады дедік. Алғашқысы 3 жылға жоспарланған.<br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Негізі зауыт тұратыны 25 жыл. Бірінші біз сортировочный пленканы қоямыз. Ангарларды қоямыз мусор жинайтын, сұрыптайтын. Содан кейін пиролизный пешті қоямыз. Сосын шұңқырлар, оның әрқайсының өз технологиясы бар. Сол жер жұмыстары көктемде басталады. Одан кейін каждый полигонды 1 жыл дайындаймыз. Қалғаны жоспар бойынша 2 жылда болады. Былай айтқанда полигонды,адамдар жұмыс істейтін ана мусорды, қалдықтарды сұрыптайтын, өңдейтін нелер ендігі жылы күзге дейін бастай береміз. Кейбір нәрселер ертерек болады. Ол ана Беларусияға барып, бір Беларусияның мына проект бойынша проекті қандай модель, сортировочный, қандай пиролизный пеш, қандай тазалайтын агрегаттар… бәрі бағасымен, маркісімен біздің проектілерге кіргізілген. Біз одан ешқайда кете алмаймыз. Содан кейін Қытайдан, біз келешекте Қытайдың технологиясымен төбесін гидроплемкамен жабамыз. Ана сұрыпталып, содан кейін бәрі өткеннен кейін газ табу үшін ана шіріген қалдықтардан метан шығады. Сол ол үш жылдан кейін сол газды жинап, оны электроэнергияға, накопительларға жинап, олардан ток аламыз. Бірақ мынау 2028 жыл деген ол бәрі бітеді деп, сол екі мың жиырма сегізінші жылға дейін күтпейміз. Ендігі жылы проект бойынша жұмыс істей береміз. Проект бойынша бәрін жөндеп, бірінші этапы сол болады. | **Снято** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының тұрғыны Көбей Оразбайұлы:** Мына сіздердің қазір баяндамадағы тыңдағанымыз, поэтапно істейтін жұмыстары бәрі-бәрі дұрыс. 2010-шы жыл көшіп келгенмін. Сонда осы жолдың осы бетінде, етекте төрт- ақ үй болатын. Жолда екі машина, бір машина кездесетін. Қазір кеңейіп, қандай болып бара жатыр. Осы мынау Қояндының шекарасы бар ғой, ол мазар дейміз. Мазардың алдына дейін мына кеңейіп, осы үйлерді салып, сол жерге дейін барады. Ол мүмкін емес. Тоқтамайды. Ол келе береді. Сонда сіздің полигоныңыздан ар жағына бір екі ақ километр қалайын деп тұр. Сегіз жарым километрді айтып, басымызды ауыртып отырсыздар. Ол халық ертең біз өтіп кетеміз. Жасымыз жетпістен асып кетті. Болашақ ұрпаққа таза ауа қалдырып кетуіміз керек қой. Осы салып жатқан зауыттарыңды елу километр ары, жүз километр арғыға апарып сала берсеңдерші. Неге жабысып қалдыңдар Қояндыға? Халық қарсымыз деп айтты. Мына жерде міне елу процент халық жоқ. Мына жерде елу процент халық болу керек қой. Қалай протокол жазасыздар? Қайта қайта шығып айта бересіңдер. Ол проектілерін бәрі істейді, жүз процент сенеміз. Но Қояндыдан алысқа кетсеңдерші. Мына самал желдің бағыты как раз осы Қояндының үстімен өтеді. Ауаны бұзады, сасиды. Ауру содан шығады. Сен жаңағы онкологияңды айта берме. Бәрібір ауру шығады. Осыған, келешек ұрпаққа көзімізді ашып қарайық. Өзіміз үшін. Ұзағыраққа апарып сала беріңдер з ауыттарыңды | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Жақсы, рақмет сұрағыңызға. Онкология мәселесін мен көтерген жоқпын. Жаңағы қала ертең өсіп, сол қоқыс полигонына жақындап қалады деген сұраққа жауап беретін болсақ, әр қаланың өзінің ген. планы бар. Біз сол ген.план бойынша, бас жоспар бойынша салып отырмыз. Және мемлекеттік органдар сол есеп бойынша бізге сол жерді беріп отыр. Ал егер Снип бойынша қарайтын болсақ, жалпы қоқыс полигоны елді мекеннен бір шақырым жерде рұқсат етілген, бір шақырым қашықтық болуы керек. Ал біз бес шақырым қашықтықта, бес шақырымнан астам қашықтықта орналастырамыз. Ал енді жаңағы елді мекеннің қоқыс полигонына қарай өсе ме, өспей ме? Бізге бұл сұрақтың қатысы жоқ. Оны жергілікті әкімдік шешеді. Жел бағыты бойынша, біз жаңа айттық, бұл жерде ешқандай түтін шықпайды. Жел қай жақтан соқсаң да пирожистік пештерден иіс шықпаса, түтін шығу екіталай. Енді айтып тұрмын ғой жақсы істейтін пештен иіс шықпау керек. Гарантия кепілдік ретінде сіздерге қоғамдық кеңес құрып, сол құрылысқа қатысуға шақырудамыз. | **Снято** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Сабакенова Бибігүл Алпысбаевна:** Мен өзім лично Қосшыда таба алмай жатырмын да бұндай компания. Неге десең жер жоқ. Бәрінде бір проблема - жер жоқ. Менде тұрған сұрақ: мынау қазір перолизді айтып жатсыңдар ғой, осыны үш жыл болды бізде Қосшы қаласынан таба алмай жатыр. Бірақ Қосшы қаласында жер жоқ. Енді сол жерді өкіметке қайтару үшін қарсы тобымен соғысып жүрмін. Енді жаңа мына кісілер айтып жатыр ғой, бес шақырым жерде деп. То есть мына жерде сіздер гарантия беріп тұрсыздар. Если жаңағы бес шақырым жерден болса, ол жерден түк түтін шықпайды, иіс шықпайды. Сонда бұл жаңағы экологияға наоборот пайдалы болып тұрған нәрсе ме? Солай болып тұр ғой. Дұрыс па? То есть почему я здесь вопрос задаю, халықтың ең бірінші проблемасы… Бұлар шаршағандар, анау тау-тау полигон жатады. Оның бәрін қазір жасап жатқан өзіміз, халықпыз. Ешкім Америкадан әкеліп тастап жатқан жоқ. Жергілікті қай жерде болсын, қай округте болсын, сол ауылдың адамдары, сол жан-жақтан әкеліп жатқан адамдар, өздері тастайды. Өзіміз тастаймыз. Енді осының бәрін өндіру үшін мен анау Канада мен Қытайдыкін изучаю. Кореянікін де. Мен өзі даже вопрос поднимаю сіздерге. Осыны каждый үйге, частный үйлерге контейнер қою мәселесі. Неге десеңіз, обший контейнерде пакет тұрады. Обший контейнерде бізде пакетті былай лақтыра салады. Ол аузын байламайды. Тәрбие жоқ бала шағада, жаңағы бала шаға өзімен де күнде соғысамын. Қосшыда күнде соғыс ана бала аузын байлап тастамайды. Элементарно. Біз енді даму керекпіз ғой. Жақсыға қарай болу керекпіз. Турцияға барасың. Сен жүз теңге төлейсің. Үйінен келіп алып кетеді пакетті. Сол сияқты мына жерде сіздерге осыны сразу айтып жатырмын да. Расын мынандай зауыт салатын болсаңыздар, каждый үйге контейнер қоюға, то есть контейнер қойып, каждый үйді жинап әкету. | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Иә, экологияға пайдалы<br>Әкім: бұл жерде бұл кісі аудандық қоғамдық кеңесінің төрайымы. Өз сұрағы мен ұнысын қойып отыр | **Снято** |
| | **Қоянды ауылының тұрғыны:** Біз сіздерден адам сияқты сенбі, жексенбі күнге қойыңыздар деп сұрадық. Құдай-ау, неге сол күні жасамайсыздар? Біздің Қоянды өсіп жатыр, ертең по-любому жабасындар-эй. Не істейсіздер, эй, айтыңыздаршы? Ештеңе жасай алмай қаалсыздар сол кезде, бәрі ашық, сасық болып қалады. Өтірік па не? Кешегі келген компания, 8 шақырым жерде саламыз дейді. Олар мусорды сіздердің рұқсаттарыңызбен әкеліп-әкетіп отырамыз деді. Сіздерге бірінші көрсетіп барып жасаймыз дейді халыққа, мусорды әлі қабылдамаймыз деп. Ал сіздер ешкімнен сұрамай, боқтың бәрін тасып, мусордың бәрін әкеліп жатырсыздар. Кетіңдер болды өтірік айтпай. Сендерге разрешение берген адамды соттату керек.<br><br>**Халықтан**: Олар туралы енді сіз айтпай-ақ қойыңыз | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Жексенбі күнге қатысты, бұл қоғамдық тыңдаулар жаңағы бекітілген ереже бойынша өткізіледі. Бұл жұмыс күні өткізілу керек. Бұл біздің таңдап алған күн емес. Мемлекет заң бойынша қалай бекітті, солай өткізіп отырмыз.<br><br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Астанадан келген компания бойынша жауап берейін. Мен өзім жер орналастырушымын. Енді мына Астанадан келген компанияны ол бәрі, анау Центральный мусорканың адамдары ғой. Бұрынғы Қазақстан артында утиль сбор жасаған. Енді мынау ашайын деп жатқан жерде, мынау мен землеустроитель болған соң, мына комитет геодезии и картографии дегеннен картасы бар. Мынау олар ашайын деген жағы. Мына келіп көрсеңіздер, мынау тура подземный артезиан, мына Қояндының қасына келіп Сарыбұлаққа келеді. Олардың суы сол жерге келеді, сол суды ішіп, уланасыздар.<br>Енді мына жігіт сол компания туралы өзі сөз қозғады емес пе? Естідіңіздер, оларды жақтап, бізді қаралап жатыр. | **Снято** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының тұрғыны Хамитова Айнагүл:** Менің айтқым келетіні еліміздің жақсаруына, жаңағы осылай зауыттарын салуына қарсы емеспін. Мен қарсымын - бұл зауыттың біздің ауылға жақын салынғанына - бірінші, екінші айтып жатсыздар ғой, жаңағы ол зауыт өзгере ме, өзгермей ме? Бұрын сіздерде мал шаруашылығы болды. Целое назначение, алдыда қоқыс қылып өзгертіп тастады. Ертең тағы да бері қарай, арғы жағынан бастап еді, жақындап келе жатыр. Нет гарантий, что сіздерден кейін бері қарай бізге дейін қоқыстың келмесіне, бұл бірінші. Екінші, сіздер айтып жатсыздар, біз солай жасаймыз, былай жасаймыз. Сіздер қайдан көрдіңіздер Қазақстанда бір нәрсенің дұрыс жасалғаның? У нас на ровном месте не могут дорогу построить. Мына жерде басталғаны бәлен ай болды. Сол сияқты мына жерде айтып аласыздар. На бумагах у нас везде красиво. Везде четко, везде грамотно на бумагах, басқа іс жүзіне келгенде олай жасап жатқан ешкім жоқ. Егер сіздер сондай елдің, жұрттың қамын ойлап, керемет завод салатын болсаңыздар, әлгі Астананың мусорын өңдеп алыңыздаршы. Бас қаланың мусорын өңделмей жатқан кезде, сіздер мына жан-жақта былығып кеткен мусорды, не істерлеріңізді білмей, әйтеуір аты шулы Қоянды, шулай-шулайды, қояды деп Қояндыға жабысып алмай. Сол завод егер жүз пайыз зияны болмайды, іске асады десеңіздер, мен қос қолдап келісер едім. Бірақ бізде оған жеткен жоқ менталитет. Жаңа Бибігүл ханым айтты ғой. Бір контейнер емес, шетелдегі сияқты салатын көк, жасыл контейнер болса, соған әрқайсысына контейнерге салып кеткен жағдайда сіздердің мына жоспарларыңыз жүзге асар еді. Оны қолдайтын едік. У нас этого нет. Сіздер ертең мына сортировка жасаймын деп отыр ғой. Сұрыптаймыз деп отырсыздар ғой. Сұрыптауға мүмкіндік те болмайды. Оның ішін жартысы жемтік шығады. Ана жерде органикалық, жаңағы қатты нелер, пластиктер жоқ. Бізде бәрі араласып жатыр. Не то что бізде, Қояндыға контейнер қойсаңыздар, оған ешкім апарып қажет етпейді. Үш түрлі контейнер қойсаңыздар да ешкім салмайды. Сіздердің берген жауаптарыңыздың ешқайсысына мен жаңағы қабылдай алмаймын. Завод салғанға қарсымын. Өйткені бұның бәрі показуха, бұның бәрі өтірік. Бұл іске аспайды. Бұл тек қана жаңағы айтып отырсыздар ғой. Бір миллиард төрт жүз мың жаңағы салық түседі деп. Ол салық бізге жетпейді де. Мен қарсымын. Және де мынаны, документтегідей жұмыс жасай алатындарыңызға | **Әкім:** Қазір бізде мемлкете рұқсат берген 3 гектар жеріміз бар мусор тастайтын. Переработка жоқ ешқандай.<br>**Әкім:** Бір-бірден сөйлеңіздер, ол кісі өзінің ұсынысын айтып жатыр ғой. Жаңа тәртіпті түсідірдік қой, сұрақ-жауап форматында болады деп. | **Снято** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Маған бір ұнамайтын сұрақ. Мен сіздерді постоянно қолдаймын. Завод керек. Мына мусор төгіп жатыр. Ертең маған осы мусор басыма бәле болады. Конечно мен завод мен үшін қазір сол мусормен айналысып жатырмын. Сол жерге келгеннен кейін мен төгіп жатырмын. Қаншама мусор жатыр. Сіздер келесіздер ғой, жиналыстың басында біз ол жерді мал шаруашылығына алған едік деп. Сіздер былықтырдыңыздар дейсіз. Мен былықтырғанмын оны. Мен айтамын, менің үстіме қылмыстық іс қозғалды. Мен осы халықтың мусорын апарып, төккенмін. Сол төгілген мусормен бірдеңе істеу керекпіз, құрметті ауылдастар. Енді бұл уақытша болып тұр да, ол жерде бізде уақытша ғана полигонымыз қазірге, әрине, мен тағы айтамын зауыт салынса, осы Қоянды ауылында отырып, осылай жұмыс жасалып, біздің ауыл тазаланады. Егер зауыт салынбаса, осы бұрынғы үш жылдыққа қайта келіп қалуы мүмкін. Зауыт салынбаса біздің полигонымыз жабылады. | **-** | **Снято** |
| | **Асылбек:** Вот қаншама халық сұрап жатыр сізден керек емес деп, сіздер неге ұқпайсыздар? Тупойсыздар ма, білмеймін. Ана ақ сақал отыр, 70-тен асқан кісі, сол сұрап отыр. Жалпы біздің болашағымызды ойлайсыздар ма өзі? Ешқандай иіс жоқ дейсіздер. Енді қараңыздар, Астана бері қарай созылып, келе жатыр, Қоянды әрі қарай созылып бара жатыр. Ертең мусорларыңыз тіреліп тұр ғой. Сіздер ертең точно жабыласыздар. Край 10 жыл. Салып ашасыздар, но факт в том, что по-любому жабасыздар<br><br>**Бибігүл Алпысбаевна:** Неге?<br><br>**Аыслбек:** Яма жасағансыздар, оның ақшасын құртып тастағансыздар уже. Мен сіздерге прямой айтайын, сол тесікті жабу үшін мусор төктірдіңдер. Енді неге келіп әңгіме айтып отсыздар?<br>В смысле жала жабу, сен не бір юрист пе едің? Сен кімсін вообще? Бізге ешқандай полигон, переработка завод керек емес. Мықты болсаңдар, ана қаладағы завод жанына салып алыңдар. Ойларн клгенін жасайсыңдар ма, жасандар жетеді. Жетсіп неге келе бересіңдер? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Жала жауып жатсыз<br><br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С**.: Жауап берееійн, ақша түсті, сендер ұрлайсыңдар деп жатсыздар. Ол жекеменшік ашылайын деп жатқан зауыт. Бұл жерге зауыт салу өз еркіммен келген шешім емес. Алдында айтқанымдай, менің жерім болды, оны ластап тастады. Әкім мырза сомен полигон жасауды ұсынды. Екіншіден, енді ген.план бойынша, Астана үлкейеді. Генплан деген не? Ол халықпен шешілетін нәрсе. Мына жақта зона отдыхалар бар, яғни ауыл өспейді, өссе де ана жаққа өседі. Арғы шетінен қала келе жатыр.<br><br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Ген.план бойынша бәрі есептелген. Яғни, біздің қоқыс полигонына тірелмейді қала. Сондықтан да мемлекеттік органдар рұқсатын беріп тұр. Сіз енді үкіметті сынап жатсыз ғой, қай үкіметті сынап жатқаныңызды мен білмеймін. | **Снято** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Сатыбалды Айнұр:** Әр адамның пікірі маңызды, мынау өте өзектң тақырып, сіздерге ешкім қарсы емес. Зауыт керек, сіздерге жұмыс керек, ақша керек. Жалғыз өтініші: сіз айтасыз, иісін шығармаймыз. Иә, қазіргі заманауи тұрғыда дамуымыз керек. Ол орынсыз сөзсіз дұрыс нәрсе. Бірақ бізде жаңа айтып отырсыздар, бұл ген.план, жеке меншігім деп. Иә, зауытқа қарсы емеспіз, жақсы зат. Айтып жатсыздар, иісі, дыбысы болмайды деп. Ол мүмкін емес қой. Ұрпағымызға не қалдырамыз сонда? Әй, отыз жылға дейін жеке меншікті жерлағанда халықпен кім ақылдасты? Он бір жыл халықты бұғып келді ғой. Халықтың да ашынатын уақыты жетті ғой. Әй, енді бұндай заводты кім қаламайды? Жақсы өмірді кім қаламайды? Мен мысалға иә. Жаңа ақсақал айтты, ұрпағымызға не қалдырамыз. Неге жасылдандырамиммыз, неге тұншықтырамыз халықты? Өткенде бір мына жерде өрт болды. Өздеріңіз көріп отырсыз. И тура сіздің келейін деп отырған жерде болды. Біз он күн тұншықтық, халық болып астма болдық, міне, қаншама адам больницаға түсті. Енді біз жаңағы Ақантай өзі айтты. Ақантайдың жері октябрьде уақыты бітеді. Ешкім білмей отырған жоқ. Халықтың өтініші мынандай. Именно соны қайтадан жердің бетіне өңдетіп жаптыру. Керісінше сол жерде жасылдандырып, ағаш отырғызу біздің мақсатымыз. Вот үйге бір пакет мусор қойсаңыз түтіні шықпай ақ та үйдің ішін қалай сасытады, білесіздер ғой. Енді сіздер бетін жауып, жаңағы жұмыскерлер дейсіз. Кеше біз өзіміз сол жаққа басына барып көрдік. Бізде бұған жұмысқа баратын адам шықпайды. Өзбекті алып кетті. Бейшаралар өзбектер үстіне киетін киімі жоқ, жейтін наны жоқ мусордың ішінде жатыр. Оған кім жұмыс жасауға барады? Біздің сұрауымыз сол, бізден алыс 30 шақырым жерде салыңыздар. | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Жақсы. Жаңағы бір сұрағыңыз бізге қатысы жоқ. Жаңағы қоқыстың полигоны жабылатын болса, оны қалай жүзеге асырылады деген. Бізге қатысы жоқ. Ал енді қоқыс полигоны ашылды ғой, қоқыс полигоны. Сіздерде дұрыс істеп, жұмыс жасап жатыр. Енді біздің мақсат оны өңдеу. Қоғамдық кеңес туралы заңды не үшін шығарған? Осы жергілікті халық бизнес өкілдерімен келісе отырып, белгілі бір жобаларды жүзеге асырсын, қоғам тарапынан бақылау болсын деп айтылғандықтан, осындай қоғамдық талқылау өткізіліп жатыр. Ол болмаса осы жерде салып, жұмыс жасай беріледі ғой. Солай емес пе? Екінші қараңызшы, біз жаңағыдай жоба үш жылға жоспарланған жеті миллиард ақша құйып алып келіп тұрмыз. Енді сәйкесінше бірінші жылы ақша салынғаннан кейін екінші жылы, үшінші жылы тағы да ақша салынады ғой. Енді бірінші жылы жеті миллиард құйылса, дәл сол сияқты екінші, үшінші жылы да тағы да ақшалар құйылады ғой. Біз мүдделіміз ол жобаның тиісті деңгейде жаңа технологиялық талаптар бойынша жүзеге асқанына. Сондықтан қоғамдық кеңес құрамына кіріп, бақылауға қатысуыңызды сіздерден сұрап отырмыз ғой. Сіз айтып отырсыз ғой, өңделгенін қалаймыз. Оның экологиялық таза болғанын қалаймыз деп. Сондықтан қоғамдық кеңеске кіріңіз де, бақылауда ұстаңыз. | **Снято** |
| | **Данара:** Осы ауылдың қоғам белсендісімін. Менің сұрағым қазір, мысалы, ревизионный комиссия деп тұрсыздар ғой. Сол как обязательная наблюдательная ревизионная комиссия қанша адам аласыздар? И қашан соны создавать етеміз. Мына халық, сіздерге айтарым, бұл бізге керек нәрсе. Ал рұқсат бермедік дедік, 3 гектар болған мусор қазір 15 гектар болды. Соның кішкене ғана бір бұрышы өртенгенде, қалай тұншықтыңыздар. Қандай альтернатива сіздер ұсынасыздар? Альтернативті шешім жоқ бұған. Сіздер айтып жатсыздар, болшақ деп, экология деп. Бүкіл әлемге әйгілі мусордан Қоянды ғой, соны өзіміз істейміз ғой. Қазір 25 ауыл мен қаладан күнігє мусор әкеліп жатыр. Қаншама камазбен келеді, неге соған қарсв емессіздер сіздер? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Қашан зауытты ашамыз, сол кезде өкңлдерді қабылдап. Ертең-ақ ашуға болады | **Снято** |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Біздің болашағымызды ойлайсыздар ма? Ана кісі айтып отыр. Жаңағы ешқандай иіс жоқ, мүйіс жоқ деп. Енді қараңыздар, астана бері қарай созылып, келе жатыр, Қоянды әрі қарай созылып бара жатыр. Ертең мусорларыңыз тіреліп тұр ғой. Полигонды точно жабасыздар. | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Бұл жерге зауыт салу өз еркіммен келген шешім емес. Алдында айтқанымдай, менің жерім болды, оны ластап тастады. Әкім мырза сомен полигон жасауды ұсынды. Енді ген.план бойынша, мына жақта зона отдыхалар бар, яғни ауыл өспейді, өссе де ана жаққа өседі. Ген.план бойынша бәрі есептелген. Яғни, біздің қоқыс полигонына тірелмейді қала. Сондықтан да мемлекеттік органдар рұқсатын беріп тұр. | **Снято** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Бір сұрақ, сіздер уже мына жерде төрт бес статья бойынша нарушение жасадыңыздар. Сіздер мына зеленый зонаға алып келдіңіздер Астананың. Бұл жерде зеленый зона. Білесіз ғой. Назарбаев көкемнің салып кеткен зонасы, бұдан кейін ғана, осы зонадан кейін ғана салынуы керек, утилизационный заводтар ма, химический заводтар ма, уже сізге бір статьяға келіп тұрсыздар. Екінші статья, сіздер халықтан міне сұрамай, бір халықтан сұрамай Айбектің кезінде уже осы мусорды әкелдіңдер, ана жерде төктіңіздер. Ана жерде экологический… мен кеше сырттан ғана биноклмен қарап жүрдім. Кеше өз көзіммен барып көрдім. Полигонды өз көзіммен көрдім. Ана жердегі бардакты енді мен білмеймін. Ана экологический министр естісе или Назарбаев көкеміз естісе... Сосын сізге айтайын ана пиролизный пеш деген ол просто. Ол жарайды, ол шығарады. Бір какой-то бір он-ақ процент мусордан отработка жасайды. А оның ішінде өлген өлексе бар. Мысықтың, малдың сүйегі бар, резеңке бар. Оның бәрін сіз айтасыз. Жердің астында жаңағы үш метрге дейін жердің астынан ешқандай суға бармайды. Сексен процент Қоянды жердің астындағы сумен күн көріп отыр, фильтр салып. Қазір Қояндының жартысының жартысында ғана су бар. Артезианский суды білесіз бе? Сіздер одан басқа бізде мына Қояндының астында қаншама минералдық байлық бар екенін білесіз бе? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Біз салып жатқан жерде жер асты су жоқ<br><br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Мемлекеттік оргнадар өз эксперизаларын жасады. Ана айтып жатқан компанияларыңыз, вот солар артезианның үстінен қояйын деп жатыр. Біздікінде заключениесі бәрі бар. Мен водник емеспін.<br>Мен сіздерге көрсетейін 4 жыл бұрын қандай болғанын. Экологиясының қандай болғанын көрсетейін. Әкімшіліккке арыс жаздым. Сосын әкімшілік өзі осы жерді ал, өнде деді. Қазір 700 миллиондай ақша кіргіздім.<br>Ана қаланың полигонының айналасы бар. Жасыл аймақ жоқ. Ондай емес. Ондай емес. Мәселе енді бұл жайлы мынау бүгінгі күні оның өзінің экспертизасын өткізді. Например, ана кеше келген ана қаладан келген компания сол үстіне қояйын деп жатыр. Ал біздікін зерттеді. Заключениесі бәрі бар. Мен водник емеспін. Олардың екі басы жоқ. Ертең сотталады | **Снято** |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Жақсы, зауытыңызды саласыз дейік. Енді сұрақ: осы күнге дейін жатқан мусорлар өңделеді ме? Немесе тек жаңалары ғана ма? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Қазір жиналған мусорды оның төбесінен технология бойынша қазір оны консервировать етуге болады. Бір слой топырақпен жауып. Содан кейін кейін грохот деген бір мынандай диск бар. Жаңа Виктор Николаевич деген дұрыс түсіндіретін еді. Сіздер орысша сөйлейді, деп оны қайта сыртқа шығарып жібердіңіздер. | **Снято** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Біз қазір видео түсірдік. Біз акиматты сотқа береміз. Біз сіздің үстіңізден сот ісін жүргіземіз. Сіз 2 жыл бойы ол жерді мал шаруашылық мақсатында алып, пайдаланбадыңыз. Енді келіп осындай дау шығарып тұрсыз. Сіхдер қазір халықтан рұқсат алу үшін құрылысқа келіп отсыздар. Мынау қазір 3-ші тыңдалым. Әлі соңғы нақты шешім шықпады, халық келісімін берген жоқ. Бірақ неге сіздер уже өз жұмыстарыңызды бастап, мусор қабылдап жатсыздар? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Біріншіден, жаңа сотқа береміз деп жатыр ғой. Ол өз еркін. Бірақ та мен менің арыздарым бар. Менің экологияға, әкімшілікке арыздар, міне хаттар қазір жатыр регистрациясын, содан кейін ғана маған мақсатын ауыстырып берді. Содан кейін ана жерді тазалаңдар дедім. Одан әрі түнде де, күндіз де, милиция да тұрды. Ол жерде экология да тұрды. Жерден ештеңе шыққан жоқ. Енді әкімшілікке барғанда әкімшілікке осы жерді ауыстырып беріңдер дедім. Көрген кезде өзің кіріс деді. Осындай техникаң бар деп. Мен айттым ғой, жеті сегіз айдай жүрдім. Мен келіспеймін ол жақта білімім жоқ дегендеріңізбен. Мен андамында бардым. Міне Николаевичты таптым. Басқалардың тәжірибесін көрдім. Бәрін тапқаннан кейін ғана барып әкімге айттым. Жарайды, маған жерді ауыстырыңдар. Ақша таптым. Инвесторлар таптым. Сол кезде маған мақсатын ауыстырып берді. Әкімшілік облыс әкімі де берді. Пожалуйста, ол кісілерге сотқа берсеңіз, әр адамның құқысы бар. Оған ештеңе айта алмаймын. Екінші сұрақ, мусор тасып жүр. Біз жалғыз анау экология кодекс бойынша уведомительный характер деген бар. Біз қытайлармен сөйлескенде, Қытай инвесторларымен, біз Ол мусордың морфологиясын білуіміз керек. Ертең біз оларға ақша саламыз. Сіздер ойлайсыздар, о мына зауытты салды. Ақшаны сыпырып алады. Қолына білдей кәсіп етіп қысып алады деп. Қайтару үшін ол ақшаны он жыл кетеді. Он жыл кетеді. Біз зарплатада отырамыз. Қытайлар келгенде оны қытайлар жасайды. Енді алып келіп жатқаны, морфология экологиялық заң бойынша бірінші, екінші, үшінші, төртінші категория мусорлар бар. Төртінші категория, ол неопасные отходы и объемдары. Қаланың ішінде до пятидесяти тысяч тонн біз қабылдап, сортта жатырмыз. И заң бойынша күніне екі-үш машина кіріп жатыр. Қазір тағы айтып жатыр ғой. Өзбектер жүрді. Мен сол үш машинеге көп адам таси алмаймын. Линия болмаса, жылы жер болмаса істей алмаймын. Маған қазір қанша пластик, қанша процент темірдің әр түрлері қанша процент, ана әйнектің қанша түрі бар соның бәрін өзім… оған да келіп жатқан адамдардан мен пайда да алмаймын. Істеп, зарплатасын алады. Он тоғыз ауыл бар. Біз бармыз. Астана бар. Ол Қояндының полигонына тасып жатыр. Қоянды полигоны өртеніп жатқан, тасып жатқан ол Қояндының полигоны. біз сұрыптаймыз, қайтып жібереміз. Әрбір компаниямен договорларын көрсетейін. На вывоз обратно қалдықтарын вывозить етеді. Бізде технический базамыз, екі-үш экскаватор бар. Бір экскаватордың өзі қаншама техника, ақша. Біз проект бойынша жүреміз, налево-направо іс әрекеттене алмаймыз, себебі сотталып кетеміз. Ол бізге керек жоқ.<br>Сіздер қазір жаңа күмән білдіріп, бірнеше күмәнді сұрақ қойдыңыздар ғой. Күмәнді сұрақтар болмау үшін бақыла… осы зауыттың құрамына кіріп, бақылау жасаңыздар деп ұсыныс ретінде айтып жатырмыз. Енді сіздің барлық сұрақтарыңызға жауап беріп отырмыз ғой. | **Снято** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Жалпы переработка жасаймыз деп жатыр ғой. Ауылдық округ бар, 19 ауыл бар, біз бармыз. Біздікі мынау сұрыпталуға келмейтін мусор. Яғни бүкіл технологиясы бар, заманауи, асты бентонптпен жабдықталған, ТБО бойынша сондай жасауға мақсат қойғанбыз ауылға. Сұрап жатыр ғой, мынаны жауып тастаса басқа қайда жібересіздер деп. Бұл проектті жаңа объект кезінде айқай-шу болғаннан кейін 7 гектар Софиевкада жер уже бекітіліп қойған. Проектқа 5 миллион ақша төленіп, компания алған. Соны біз ұсыныс айттық, барғанда. Неге бұны көтермейміз, неге болашағымызды ойламаймыз. Мына сортировка дегеніңізді түсініп отырмыз. Астананың өзінің қазір екі полигоны жабылайын деп тұр. Өтікені сыймай бара жатыр. Одан бөлек қаншамасы ашылып жатыр. Сіздер өздеріңіз ертең үлгере алмайсыздар да. Ауданның мақсатын түсініп отырмын. 19 ауылдан апарып, жағдай жоқ, әйтеуір бір жерге апарып, айдалаға төге салу керек. Сіздерге жүктеме жасалынып жатыр, ол дополнительный не... Мен шындап келгенде, дұрыс қой, Қояндының мусоры қайда барада деген, ол өзіміздің ішкі проблемамыз. Біз оған ұсыныс айттық. Проектт бар. 7 гектар жер бар, соны жоспарлайық. Кеше келген инвесторларды мен танымаймын. Бірақ менің мақсатым комитетті, ТБО-ны ұйымдастыру керек. Ерте біз қала типтіс поселок болсақ, жаңағы сортировочный контейнерлердің бәрін қойса, халық кішкене болсын тәртіпке келіп бастайды. Қазір ол жерде неше түрлі боғы да бар, навоздың өзін барып төгіп жатыр, боқ, малдың өлгені бар. Біздің проблема, даже скотомогильник жоқ бізде. Біз неге поэтапно шешпеміз бұларды? Айтты ғой, сіздің бағытынңыз дұрыс болмады деп. Біздің мақсатымыз қалаға жақындау, ал жақындайын деп жатсақ, ортада полигон тұр. Сіздер қазір бір линиямен 19 ауылдың мусорын алып, оны ала алмайсыздар, переработкаға жатпайды ол. Сіздердің мақсаттарыңыз қаланыкін алып келу, как бизнес, мен оны түсініп тұрмын. Сол бір линияңыз үлгермейді бәрін қабылдап. Сіздердің басқа бір мақсаттарыңыз бар ма? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Біз өзіміз проект бойынша қанша мусор қабылдаймыз, содан аса алмаймыз. Біз проект бойынша жүреміз, налево-направо іс әрекеттене алмаймыз, себебі сотталып кетеміз. Ол бізге керек жоқ. Бәрі проект бойынша жүреді. Қалған мусор ол өздерінің проблемасы, Астананың мусоры сол жердің проблемасы. 16 ауыл тасиды дейсін. Мен Аханның көршісімін, 16 ауыл тасығанын көрген жоқпын. Ана Қабанбайға тасиды, құжаттары жоқ олардың, Талапкер жақты ластап жатыр. Қалғаны осы Қояндағы Қызылсуат, Шұбар. | **Снято** |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Бізге ТБОны полноценно 2022 жылы салып береміз деген. Проект болған. Өкімет саламыз деген | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Софиевка туралы айтайын. Мен сол жерде алдын жасағанмын жерорналастырушы кезінде сол институтта директор болып жасағанмын бірнеше жыл. Не болып жатыр айналада, газ қалай өтеді бәрін қарағанмын. Софиевкада ешқандай проект жоқ. Құр бөлінген мусорка. Мусорка деген экологияда аты да жоқ. Софиевкада ондай жоқ. Сіз проектіңізді көрсетіңізші, жалпы бір проектке қаншама ақша тұратынын білесіз бе? Кеше айтып жатсыз бентонитовые плита, мына АрқаТазалықта жоқ ондай деп бізге қарай келтіріп жатсыз. Мен естідім ғой, видеода көрсетті оның бәрін маған. Сомен дұрыстап айтыңызшы, қандай проект екенін бізге көрсетіңізші, ол Софиевканың адмдары жиналып, сіздер сияқты қарсы болмайды ма? Астында суы бар ма, мүмкін қасында скотомогильник бар шығар ауру бәрін тарататын. Бізде экспертиза бәрі бар, мемлекеттік құзырлы органдар берді. | **Снято** |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Сіздерді полигон емес, переработка больше дұрыс па? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Енді полигон салынады ғой, ол бір күнде бітетін зат емес қой. Біз Беларуссияға барып, мына проектті қарсаңыз 70 миллиондай ақша кетті. Барлық технологиясы бар, ана сортировочная лента қанша тұрады, қай маркі, қай қала, бентонитті плиталар қайдан аламыз, ана пиролизный пештің қай маркісін аламыз, барлығы жазылып тұр. | **Снято** |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Өтірік айтпаңыз, мен кеші көрдім жоқ болды | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Сіз бір-ақ қағазды көрдіңіз, түсінбедіңз де. Бүгін барайық, барлығын көріңіздер. | **Снято** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Халықтың рұсатынсыз сіз ештеңе жасай алмайсыз. Сіздер қазір бізді тыңдауларын керексіздер<br><br>**Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Біз біржарым жыл болды бақылап келе жатырмыз, видеофиксация, аудификсация, суретке түсіру, бәрі бар. Сіздерде қазір стихийный полигон. | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр::** Сіздер қазір жаңа күмән білдіріп, бірнеше күмәнді сұрақ қойдыңыздар ғой. Күмәнді сұрақтар болмау үшін бақылау… осы зауыттың құрамына кіріп, бақылау жасаңыздар деп ұсыныс ретінде айтып жатырмыз. Енді сіздің барлық сұрақтарыңызға жауап беріп отырмыз ғой.<br><br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Облыстан да әкім келді, ауданнан да. Бізде мусор тастайтын жер жок. Сәйкес жер жоқ, барлық жерде су. Мынау Северные Гряда жак тау, ары қарай оның бәрі экология. Мен ақшамды салғанмын, әкімшілік рұқсат берді, қаншама миллион салдым. Енді 4 жыл сол жерге мусор тасталвнғанда неге мен үндемедім? | |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Біз сізге қарсы емеспіз. Халық қарсы емес бұл зауытыңызға. Біз просто Қояндының территориясында салғанға қарсымыз. Өтікені мына жерде полигон ашылса, утиль... | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Мен сіздердің переживанияларыңызды түсінемін. Мен де сіздердің қатарларыңыздан болатын едім. Бірақ шын зерттегенен кейін мен түсіндім, оның еш зияны жоқ. Дұрыстап жасасаң зияны болмайды, керісінше жұмыс орындары болады. Мына суретке қарасаңыздар, қала ішінде тұр міні. Осы Шынжаңға барып, қарап зерттедік қой біз. | **Снято** |
| | **Қуантай:** Осы күнге дейін мен айттым, зауыт салынсын, мусорды бір жерге жиу керек деп. Біз қарсы емеспіз, қолдаймыз. Егер осы зауыт салынбаса мен айттым, біздің срок бітеді, ол жерге мусор төгуді токтатамыз. Егерде Софиевкадан или басқа жерден жер берілмесе, мусор төгетін жер болмайды. Сондықтан ауылдастар жақсылап ойланыңыздар. Сонда мына мусор төгуді доғарамыз, әрі қарай ол мәселенің шешімі қалай болмақ? Сондықтан ауылдастар, жақсылап ойланып, шешім шығарайық.<br><br>**Бибігүл Алпысбаевна:** Мен как общественник халықты ойлайтын, халық сөзін сөйлетін адаммын. Мен өзім осы тақырыпта, карьерлермен, проектировщиктармен сөйлесіп жүрген адаммын. Бірақ әр ауылдың өзінің интриганттары болады, которые түсінбейді. Мен мына проектті өз көзіммен көрейін дегенмін, принципиально. . Ең бірінші жеті миллиард бір жарым миллиард салатындарыңыз это уже радует. Одан кейін полигон. Бізде, мына Қабанбай ауылына мен бардым. Шынында да жаңағындай недоработанный көп нәрсе, Қосшыдан аша алмай жатырмыз. Полигонға жер жоқ. Мына қарсы болып жатқандар, олар өтірік спектакль ойнап тұрғандар. По-любоиу ашасыздар, собрание өткіземіз, бүкіл общественниктарды жинаймыз, депутаттарды жинаймыз, полигон саламыз. Полигон салынады. | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Сөзіңізді бөлдім, айтып кетейін, бізде жылына қабылдайтын норма бар, одан аспауымыз керек. Қалғаны өздерінің мәселесі. | **Снято** |

15. Мнение участников общественных слушаний о качестве рассматриваемых документов и заслушанных докладов на предмет полноты и доступности их понимания, рекомендации по их улучшению:

Качество рассматриваемого документа и заслушиваемого доклада на предмет полноты и доступности их понимания от населения не поступало.

*(фамилия, имя и отчество (при наличии) докладчика, должность, наименование представляемой организации)*

16. Обжалование протокола общественных слушаний возможно в судебном и досудебном порядке согласно Административному процедурно-процессуальному кодексу Республики Казахстан.

17. Председатель общественных слушаний:

аким с. Коянды Сопманбай Болатхан 18.08.25

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, дата)*

18. Секретарь общественных слушаний:

Кузмангалиев Ербол Едигеевич 18.08.25

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, дата)*

**"Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қоянды ауылының шекараларында, есептік квартал 014, жер учаскесі 2692, РКА 2202000189842571 мекенжайы бойынша қосалқы ғимараттары мен құрылыстары бар қауіпті емес коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу, өңдеу, сұрыптау және кәдеге жарату орталығын салу" жұмыс жобасына "Ықтимал әсерлер туралы есеп" жобасы бойынша ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасы.**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **"Целиноград ауданы Қоянды ауылы әкімінің аппараты" ММ, "Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **"Қауіпті емес коммуналдық қалдықтарды өңдеу, өңдеу, сұрыптау және кәдеге жарату орталығын Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қоянды ауылының шекараларында, есептік квартал 014, жер учаскесі 2692, РКА 2202000189842571 мекенжайы бойынша қосалқы ғимараттар мен құрылыстармен салу" жұмыс жобасына "Ықтимал әсерлер туралы есеп" жобасы.**
(қарастырылып отырған жобалық материалдардың толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.
**- ҚР ЭГТРМ жанындағы "Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" ШЖҚ РМК;**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: **Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қоянды ауылының шекараларында, Есептік тоқсан 014, жер учаскесі 2692. Учаске аумағының географиялық координаттары: 51°15'05"С, 71°33'22.42"В.**
(жоспарланған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қоянды ауылы.**
(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік–аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: **"Арқа-Тазалық" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН: 231140034939, 8-700-776-7474**
(оның ішінде нақты атауы, ведомстволық бағыныстылығы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондар, факстар, электрондық пошталар, сайттар және басқа да ақпарат)

Өкілі: **Қ.С. Рысқұлов**

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді құрастырушылардың немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау жөніндегі сыртқы тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.
**Жобаны әзірлеуші: ЖК Иваненко А.А., ЖСН 830831350314. Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, микр. Центральный,54, н.п.36 сот. +7(702)1889815, e-mail: consult_ecopro@mail.ru**
(оның ішінде нақты атауы, ведомстволық бағыныстылығы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондар, факстар, электрондық пошталар, сайттар және басқа да ақпарат)

8. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысының күні (күндері) және уақыты): **Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қоянды ауылы, №3 мектеп-лицей (акт залы) Мангелик ата 7160, 069-шы есеп кварталы, 6123. 14/08/2025 15:00 с.**
**Қатысушыларды тіркеудің басталу күні, уақыты: 2025 жылғы 14 тамыз сағат 14:50-де**
**Қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты: 2025 жылғы 14 тамыз сағат 15:17-де**
**Уақыты қоғамдық тыңдаулардың аяқталуы: 2025 жылғы 14 тамыз сағат 16:47-де.**
(қатысушыларды тіркеудің басталу күні, уақыты, қоғамдық тыңдаудың басталу және аяқталу уақыты, тыңдау өтетін жердің толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылған жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына **(1,2 -қосымша)** қоса беріледі.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса беріледі **(3-қосымша)**.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылады:

1) ақпараттық порталда:
**https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=26799**

2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында:

**"Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы"ММ сайты**
**https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/documents/details**
(ресми интернет-ресурстардың атауы және сілтемелері және жарияланған күндері)

3) қозғалатын аумақ шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы жиырма жұмысшыдан кешіктірмей қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталу күніне дейінгі күндер:

**Аудандық "Esil-Nura" газеті №26 (427) 10.07.2025 ж., "Ақмола хабаршысы" №27 (429) 10.07.2025 ж.**
(хабарландырудың атауы, нөмірі және жарияланған күні, сканерленген хабарландыру қосымшасымен: сканерленген газеттің мұқаба беті және қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыру беті)

**10.07.2025 жылғы "NS" радиостанциясы. Эфирлік анықтама (5-қосымшада)**
(теле немесе радиоарнаның атауы, хабарландыру күні: теле немесе радиоарнада қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса тіркелуге (жариялануға) жатады)

4) әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында және мекенжайлары бойынша хабарландырулар саны арнайы орналастыруға арналған орындарда

Коняды ауылында Қазақ және орыс тілдерінде хабарландырулар ілінді.

Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі **(6-қосымша)**.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

**Төрағаны сайлау**
**Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы ретінде(а) сайланды – Е.Е. Курмангалиев**

**«үшін» 25 адам, «қарсы» - 0 адам, - «қалыс қалды» - 0 адам**.
(хатшыны таңдау туралы. "Қарсы", "Қарсы", "Қалыс қалғандар" қоғамдық тыңдауларына қатысушылардың санын көрсету)

**Регламентті бекіту**
**Негізгі баяндамашылардың сөз сөйлеуі- 10-15 минут**
**Сұрақтар / ескертулер – шамамен 5 минуттан немесе одан да көп (мәселені нақтылау үшін). Сұрақтар қоғамдық тыңдаудың мәні бойынша және жиналыстың күн тәртібіне сәйкес болуы керек.**
**Сұрақтарға жауаптар шамамен 5 минуттан немесе одан да көп (толық түсіндіру үшін).**
**Бастамашыл сөз сөйлеушілер-шамамен 5 минутқа дейін.**
**Жиналыстың жоспарланған ұзақтығы-шамамен 1,0 сағат.**
**"үшін" – _25_ адам," Қарсы " __0___ адам," қалыс қалды " 2 адам.**
(хатшыны таңдау туралы. "Қарсы", "Қарсы", "Қалыс қалғандар" қоғамдық тыңдауларына қатысушылардың санын көрсету)

13.Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:
**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі - Нұрғалиев Ернұр жобалық материалдар бойынша баяндамасымен**
(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)
(баяндама тақырыбы, беттер_2, слайдтар__6__, файлдар, плакаттар, сызбалар саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіндері осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса беріледі **(7-қосымша)**.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

Қоғамдық тыңдаулар алдында келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі:

| № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы) | Ескерту (алынған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| Ескертулер мен ұсыныстар жоқ. | | | |

Қоғамдық тыңдаулар барысында келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі:

| № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы) | Ескерту (алынған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының тұрғыны**: Неше гектар алатын болады? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр**: 20 гектар | **Түсірілген** |
| | **Қоянды ауылының тұрғыны Ахметов Серік**: Онкологиялық ауруға әкеледі дейді. Сол туралы не айтасыздар? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр**: Жаңағы айтқанымыздай, бізде экологиялық экспертиза шешіміз бар. Ешқандай суға, ауаға зиянын тигізбейді деген. Сосын онкологиялық аурудан қайтыс болғандардың себебін білсе дұрыс болар, оған бұл қоқыс зауытының ешқандай қатысы жоқ шығар. | **Түсірілген** |
| | **Қоянды ауылының тұрғыны Мұқанов Өрге:** Бұл проект нпше жылда салынып бітеді? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Жалпы 3 кезеңнен тұрады дедік. Алғашқысы 3 жылға жоспарланған.<br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Негізі зауыт тұратыны 25 жыл. Бірінші біз сортировочный пленканы қоямыз. Ангарларды қоямыз мусор жинайтын, сұрыптайтын. Содан кейін пиролизный пешті қоямыз. Сосын шұңқырлар, оның әрқайсының өз технологиясы бар. Сол жер жұмыстары көктемде басталады. Одан кейін каждый полигонды 1 жыл дайындаймыз. Қалғаны жоспар бойынша 2 жылда болады. Былай айтқанда полигонды,адамдар жұмыс істейтін ана мусорды, қалдықтарды сұрыптайтын, өңдейтін нелер ендігі жылы күзге дейін бастай береміз. Кейбір нәрселер ертерек болады. Ол ана Беларусияға барып, бір Беларусияның мына проект бойынша проекті қандай модель, сортировочный, қандай пиролизный пеш, қандай тазалайтын агрегаттар… бәрі бағасымен, маркісімен біздің проектілерге кіргізілген. Біз одан ешқайда кете алмаймыз. Содан кейін Қытайдан, біз келешекте Қытайдың технологиясымен төбесін гидроплемкамен жабамыз. Ана сұрыпталып, содан кейін бәрі өткеннен кейін газ табу үшін ана шіріген қалдықтардан метан шығады. Сол ол үш жылдан кейін сол газды жинап, оны электроэнергияға, накопительларға жинап, олардан ток аламыз. Бірақ мынау 2028 жыл деген ол бәрі бітеді деп, сол екі мың жиырма сегізінші жылға дейін күтпейміз. Ендігі жылы проект бойынша жұмыс істей береміз. Проект бойынша бәрін жөндеп, бірінші этапы сол болады. | **Түсірілген** |
| | **Қоянды ауылының тұрғыны Көбей Оразбайұлы:** Мына сіздердің қазір баяндамадағы тыңдағанымыз, поэтапно істейтін жұмыстары бәрі-бәрі дұрыс. 2010-шы жыл көшіп келгенмін. Сонда осы жолдың осы бетінде, етекте төрт- ақ үй болатын. Жолда екі машина, бір машина кездесетін. Қазір кеңейіп, қандай болып бара жатыр. Осы мынау Қояндының шекарасы бар ғой, ол мазар дейміз. Мазардың алдына дейін мына кеңейіп, осы үйлерді салып, сол жерге дейін барады. Ол мүмкін емес. Тоқтамайды. Ол келе береді. Сонда сіздің полигоныңыздан ар жағына бір екі ақ километр қалайын деп тұр. Сегіз жарым километрді айтып, басымызды ауыртып отырсыздар. Ол халық ертең біз өтіп кетеміз. Жасымыз жетпістен асып кетті. Болашақ ұрпаққа таза ауа қалдырып кетуіміз керек қой. Осы салып жатқан зауыттарыңды елу километр ары, жүз километр арғыға апарып сала берсеңдерші. Неге жабысып қалдыңдар Қояндыға? Халық қарсымыз деп айтты. Мына жерде міне елу процент халық жоқ. Мына жерде елу процент халық болу керек қой. Қалай протокол жазасыздар? Қайта қайта шығып айта бересіңдер. Ол проектілерін бәрі істейді, жүз процент сенеміз. Но Қояндыдан алысқа кетсеңдерші. Мына самал желдің бағыты как раз осы Қояндының үстімен өтеді. Ауаны бұзады, сасиды. Ауру содан шығады. Сен жаңағы онкологияңды айта берме. Бәрібір ауру шығады. Осыған, келешек ұрпаққа көзімізді ашып қарайық. Өзіміз үшін. Ұзағыраққа апарып сала беріңдер з ауыттарыңды | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Жақсы, рақмет сұрағыңызға. Онкология мәселесін мен көтерген жоқпын. Жаңағы қала ертең өсіп, сол қоқыс полигонына жақындап қалады деген сұраққа жауап беретін болсақ, әр қаланың өзінің ген. планы бар. Біз сол ген.план бойынша, бас жоспар бойынша салып отырмыз. Және мемлекеттік органдар сол есеп бойынша бізге сол жерді беріп отыр. Ал егер Снип бойынша қарайтын болсақ, жалпы қоқыс полигоны елді мекеннен бір шақырым жерде рұқсат етілген, бір шақырым қашықтық болуы керек. Ал біз бес шақырым қашықтықта, бес шақырымнан астам қашықтықта орналастырамыз. Ал енді жаңағы елді мекеннің қоқыс полигонына қарай өсе ме, өспей ме? Бізге бұл сұрақтың қатысы жоқ. Оны жергілікті әкімдік шешеді. Жел бағыты бойынша, біз жаңа айттық, бұл жерде ешқандай түтін шықпайды. Жел қай жақтан соқсаң да пирожистік пештерден иіс шықпаса, түтін шығу екіталай. Енді айтып тұрмын ғой жақсы істейтін пештен иіс шықпау керек. Гарантия кепілдік ретінде сіздерге қоғамдық кеңес құрып, сол құрылысқа қатысуға шақырудамыз. | **Түсірілген** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Сабакенова Бибігүл Алпысбаевна:** Мен өзім лично Қосшыда таба алмай жатырмын да бұндай компания. Неге десең жер жоқ. Бәрінде бір проблема - жер жоқ. Менде тұрған сұрақ: мынау қазір перолизді айтып жатсыңдар ғой, осыны үш жыл болды бізде Қосшы қаласынан таба алмай жатыр. Бірақ Қосшы қаласында жер жоқ. Енді сол жерді өкіметке қайтару үшін қарсы тобымен соғысып жүрмін. Енді жаңа мына кісілер айтып жатыр ғой, бес шақырым жерде деп. То есть мына жерде сіздер гарантия беріп тұрсыздар. Если жаңағы бес шақырым жерден болса, ол жерден түк түтін шықпайды, иіс шықпайды. Сонда бұл жаңағы экологияға наоборот пайдалы болып тұрған нәрсе ме? Солай болып тұр ғой. Дұрыс па? То есть почему я здесь вопрос задаю, халықтың ең бірінші проблемасы… Бұлар шаршағандар, анау тау-тау полигон жатады. Оның бәрін қазір жасап жатқан өзіміз, халықпыз. Ешкім Американдан әкеліп тастап жатқан жоқ. Жергілікті қай жерде болсын, қай округте болсын, сол ауылдың адамдары, сол жан-жақтан әкеліп жатқан адамдар, өздері тастайды. Өзіміз тастаймыз. Енді осының бәрін өндіру үшін мен анау Канада мен Қытайдыкін изучаю. Кореянікін де. Мен өзі даже вопрос поднимаю сіздерге. Осыны каждый үйге, частный үйлерге контейнер қою мәселесі. Неге десеңіз, обший контейнерде пакет тұрады. Обший контейнерде бізде пакетті былай лақтыра салады. Ол аузын байламайды. Тәрбие жоқ бала шағада, жаңағы бала шаға өзімен де күнде соғысамын. Қосшыда күнде соғыс ана бала аузын байлап тастамайды. Элементарно. Біз енді даму керекпіз ғой. Жақсыға қарай болу керекпіз. Турцияға барасың. Сен жүз теңге төлейсің. Үйінен келіп алып кетеді пакетті. Сол сияқты мына жерде сіздерге осыны сразу айтып жатырмын да. Расын мынандай зауыт салатын болсаңыздар, каждый үйге контейнер қоюға, то есть контейнер қойып, каждый үйді жинап әкету. | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Иә, экологияға пайдалы<br>Әкім: бұл жерде бұл кісі аудандық қоғамдық кеңесінің төрайымы. Өз сұрағы мен ұнысын қойып отыр | **Түсірілген** |
| | **Қоянды ауылының тұрғыны:** Біз сіздерден адам сияқты сенбі, жексенбі күнге қойыңыздар деп сұрадық. Құдай-ау, неге сол күні жасамайсыздар? Біздің Қоянды өсіп жатыр, ертең по-любому жабасындар-эй. Не істейсіздер, эй, айтыңыздаршы? Ештеңе жасай алмай қаалсыздар сол кезде, бәрі ашық, сасық болып қалады. Өтірік па не? Кешегі келген компания, 8 шақырым жерде саламыз дейді. Олар мусорды сіздердің рұқсаттарыңызбен әкеліп-әкетіп отырамыз деді. Сіздерге бірінші көрсетіп барып жасаймыз дейді халыққа, мусорды әлі қабылдамаймыз деп. Ал сіздер ешкімнен сұрамай, боқтың бәрін тасып, мусордың бәрін әкеліп жатырсыздар. Кетіңдер болды өтірік айтпай. Сендерге разрешение берген адамды соттату керек.<br><br>**Халықтан**: Олар туралы енді сіз айтпай-ақ қойыңыз | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Жексенбі күнге қатысты, бұл қоғамдық тыңдаулар жаңағы бекітілген ереже бойынша өткізіледі. Бұл жұмыс күні өткізілу керек. Бұл біздің таңдап алған күн емес. Мемлекет заң бойынша қалай бекітті, солай өткізіп отырмыз.<br><br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Астанадан келген компания бойынша жауап берейін. Мен өзім жер орналастырушымын. Енді мына Астанадан келген компанияны ол бәрі, анау Центральный мусорканың адамдары ғой. Бұрынғы Қазақстан артында утиль сбор жасаған. Енді мынау ашайын деп жатқан жерде, мынау мен землеустроитель болған соң, мына комитет геодезии и картографии дегеннен картасы бар. Мынау олар ашайын деген жағы. Мына келіп көрсеңіздер, мынау тура подземный артезиан, мына Қояндының қасына келіп Сарыбұлаққа келеді. Олардың суы сол жерге келеді, сол суды ішіп, уланасыздар.<br>Енді мына жігіт сол компания туралы өзі сөз қозғады емес пе? Естідіңіздер, оларды жақтап, бізді қаралап жатыр. | **Түсірілген** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының тұрғыны Хамитова Айнагүл:** Менің айтқым келетіні еліміздің жақсаруына, жаңағы осылай зауыттарын салуына қарсы емеспін. Мен қарсымын - бұл зауыттың біздің ауылға жақын салынғанына - бірінші, екінші айтып жатсыздар ғой, жаңағы ол зауыт өзгере ме, өзгермей ме? Бұрын сіздерде мал шаруашылығы болды. Целое назначение, алдыда қоқыс қылып өзгертіп тастады. Ертең тағы да бері қарай, арғы жағынан бастап еді, жақындап келе жатыр. Нет гарантий, что сіздерден кейін бері қарай бізге дейін қоқыстың келмесіне, бұл бірінші. Екінші, сіздер айтып жатсыздар, біз солай жасаймыз, былай жасаймыз. Сіздер қайдан көрдіңіздер Қазақстанда бір нәрсенің дұрыс жасалғанын? У нас на ровном месте не могут дорогу построить. Мына жерде басталғаны бөлен ай болды. Сол сияқты мына жерде айтып аласыздар. На бумагах у нас везде красиво. Везде четко, везде грамотно на бумагах, басқа іс жүзіне келгенде олай жасап жатқан ешкім жоқ. Егер сіздер сондай елдің, жұрттың қамын ойлап, керемет завод салатын болсаңыздар, әлгі Астананың мусорын өңдеп алыңыздаршы. Бас қаланың мусорын өңделмей жатқан кезде, сіздер мына жан-жақта былығып кеткен мусорды, не істерлеріңізді білмей, әйтеуір аты шулы Қоянды, шулай-шулайды, қоянды деп Қояндыға жабысып алмай. Сол завод егер жүз пайыз зияны болмайды, іске асады десеңіздер, мен қос қолдап келісер едім. Бірақ бізде оған жеткен жоқ менталитет. Жаңа Бибігүл ханым айтты ғой. Бір контейнер емес, шетелдегі сияқты салатын көк, жасыл контейнер болса, соған әрқайсысына контейнерге салып кеткен жағдайда сіздердің мына жоспарларыңыз жүзге асар еді. Оны қолдайтын едік. У нас этого нет. Сіздер ертең мына сортировка жасаймын деп отыр ғой. Сұрыптаймыз деп отырсыздар ғой. Сұрыптауға мүмкіндік те болмайды. Оның ішін жартысы жемтік шығады. Ана жерде органикалық, жаңағы қатты нелер, пластиктер жоқ. Бізде бәрі араласып жатыр. Не то что бізде, Қояндыға контейнер қойсаңыздар, оған ешкім апарып қажет етпейді. Үш түрлі контейнер қойсаңыздар да ешкім салмайды. Сіздердің берген жауаптарыңыздың ешқайсысына мен жаңағы қабылдай алмаймын. Завод салғанға қарсымын. Өйткені бұның бәрі показуха, бұның бәрі өтірік. Бұл іске аспайды. Бұл тек қана жаңағы айтып отырсыздар ғой. Бір миллиард төрт жүз мың жаңағы салық түседі деп. Ол салық бізге жетпейді де. Мен қарсымын. Және де мынаны, документтегідей жұмыс жасай алатындарыңызға | **Әкім:** Қазір бізде мемлкете рұқсат берген 3 гектар жеріміз бар мусор тастайтын. Переработка жоқ ешқандай.<br>**Әкім:** Бір-бірден сөйлеңіздер, ол кісі өзінің ұсынысын айтып жатыр ғой. Жаңа тәртіпті түсідірдік қой, сұрақ-жауап форматында болады деп. | **Түсірілген** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Маған бір ұнамайтын сұрақ. Мен сіздерді постоянно қолдаймын. Завод керек. Мына мусор төгіп жатыр. Ертең маған осы мусор басыма бәле болады. Конечно мен завод мен үшін қазір сол мусормен айналысып жатырмын. Сол жерге келгеннен кейін мен төгіп жатырмын. Қаншама мусор жатыр. Сіздер келесіздер ғой, жиналыстың басында біз ол жерді мал шаруашылығына алған едік деп. Сіздер былықтырдыңыздар дейсіз. Мен былықтырғанмын оны. Мен айтамын, менің үстіме қылмыстық іс қозғалды. Мен осы халықтың мусорын апарып, төккенмін. Сол төгілген мусормен бірдеңе істеу керекпіз, құрметті ауылдастар. Енді бұл уақытша болып тұр да, ол жерде бізде уақытша ғана полигонымыз қазірге, әрине, мен тағы айтамын зауыт салынса, осы Қоянды ауылында отырып, осылай жұмыс жасалып, біздің ауыл тазаланады. Егер зауыт салынбаса, осы бұрынғы үш жылдыққа қайта келіп қалуы мүмкін. Зауыт салынбаса біздің полигонымыз жабылады. | - | **Түсірілген** |
| | **Асылбек:** Вот қаншама халық сұрап жатыр сіздерден керек емес деп, сіздер неге ұқпайсыздар? Тупойсыздар ма, білмеймін. Ана ақ сақал отыр, 70-тен асқан кісі, сол сұрап отыр. Жалпы біздің болашағымызды ойлайсыздар ма өзі? Ешқандай иіс жоқ дейсіздер. Енді қараңыздар, Астана бері қарай созылып, келе жатыр, Қоянды әрі қарай созылып бара жатыр. Ертең мусорларыңыз тіреліп тұр ғой. Сіздер ертең точно жабыласыздар. Край 10 жыл. Салып ашасыздар, но факт в том, что по-любому жабасыздар<br><br>**Бибігүл Алпысбаевна:** Неге?<br><br>**Аыслбек:** Яма жасағансыздар, оның ақшасын құртып тастағансыздар уже. Мен сіздерге прямой айтайын, сол тесікті жабу үшін мусор төктірдіңдер. Енді неге келіп әңгіме айтып отсыздар?<br>В смысле жала жабу, сен не бір юрист пе едің? Сен кімсін вообще? Бізге ешқандай полигон, переработка завод керек емес. Мықты болсаңдар, ана қаладағы завод жанына салып алыңдар. Ойларн клгенін жасайсыңдар ма, жасандар жетеді. Жетсіп неге келе бересіндер? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Жала жауып жатсыз<br><br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С**.: Жауап берееійн, ақша түсті, сендер ұрлайсыңдар деп жатсыздар. Ол жекеменшік ашылайын деп жатқан зауыт. Бұл жерге зауыт салу өз еркіммен келген шешім емес. Алдында айтқанымдай, менің жерім болды, оны ластап тастады. Әкім мырза сомен полигон жасауды ұсынды. Екіншіден, енді ген.план бойынша, Астана үлкейеді. Генплан деген не? Ол халықпен шешілетін нәрсе. Мына жақта зона отдыхалар бар, яғни ауыл өспейді, өссе де ана жаққа өседі. Арғы шетінен қала келе жатыр.<br><br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Ген.план бойынша бәрі есептелген. Яғни, біздің қоқыс полигонына тірелмейді қала. Сондықтан да мемлекеттік органдар рұқсатын беріп тұр. Сіз енді үкіметті сынап жатсыз ғой, қай үкіметті сынап жатқаныңызды мен білмеймін. | **Түсірілген** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Сатыбалды Айнұр:** Әр адамның пікірі маңызды, мынау өте өзектң тақырып, сіздерге ешкім қарсы емес. Зауыт керек, сіздерге жұмыс керек, ақша керек. Жалғыз өтініші: сіз айтасыз, иісін шығармаймыз. Иә, қазіргі заманауи тұрғыда дамуымыз керек. Ол орынсыз сөзсіз дұрыс нәрсе. Бірақ бізде жаңа айтып отырсыздар, бұл ген.план, жеке меншігім деп. Иә, зауытқа қарсы емеспіз, жақсы зат. Айтып жатсыздар, иісі, дыбысы болмайды деп. Ол мүмкін емес қой. Ұрпағымызға не қалдырамыз сонда? Әй, отыз жылға дейін жеке меншікті жерлағанда халықпен кім ақылдасты? Он бір жыл халықты бұғып келді ғой. Халықтың да ашынатын уақыты жетті ғой. Әй, енді бұндай заводты кім қаламайды? Жақсы өмірді кім қаламайды? Мен мысалға иә. Жаңа ақсақал айтты, ұрпағымызға не қалдырамыз. Неге жасылдандырамиммыз, неге тұншықтырамыз халықты? Өткенде бір мына жерде өрт болды. Өздеріңіз көріп отырсыз. И тура сіздің келейін деп отырған жерде болды. Біз он күн тұншықтық, халық болып астма болдық, міне, қаншама адам больницаға түсті. Енді біз жаңағы Ақантай өзі айтты. Ақантайдың жері октябрьде уақыты бітеді. Ешкім білмей отырған жоқ. Халықтың өтініші мынандай. Именно соны қайтадан жердің бетіне өңдетіп жаптыру. Керісінше сол жерде жасылдандырып, ағаш отырғызу біздің мақсатымыз. Вот үйге бір пакет мусор қойсаңыз түтіні шықпай ақ та үйдің ішін қалай сасытады, білесіздер ғой. Енді сіздер бетін жауып, жаңағы жұмыскерлер дейсіз. Кеше біз өзіміз сол жаққа басына барып көрдік. Бізде бұған жұмысқа баратын адам шықпайды. Өзбекті алып кетті. Бейшаралар өзбектер үстіне киетін киімі жоқ, жейтін наны жоқ мусордың ішінде жатыр. Оған кім жұмыс жасауға барады? Біздің сұрауымыз сол, бізден алыс 30 шақырым жерде салыңыздар. | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Жақсы. Жаңағы бір сұрағыңыз бізге қатысы жоқ. Жаңағы қоқыстың полигоны жабылатын болса, оны қалай жүзеге асырылады деген. Бізге қатысы жоқ. Ал енді қоқыс полигоны ашылды ғой, қоқыс полигоны. Сіздерде дұрыс істеп, жұмыс жасап жатыр. Енді біздің мақсат оны өңдеу. Қоғамдық кеңес туралы заңды не үшін шығарған? Осы жергілікті халық бизнес өкілдерімен келісе отырып, белгілі бір жобаларды жүзеге асырсын, қоғам тарапынан бақылау болсын деп айтылғандықтан, осындай қоғамдық талқылау өткізіліп жатыр. Ол болмаса осы жерде салып, жұмыс жасай беріледі ғой. Солай емес пе? Екінші қараңызшы, біз жаңағыдай жоба үш жылға жоспарланған жеті миллиард ақша құйып алып келіп тұрмыз. Енді сәйкесінше бірінші жылы ақша салынғаннан кейін екінші жылы, үшінші жылы тағы да ақша салынады ғой. Енді бірінші жылы жеті миллиард құйылса, дәл сол сияқты екінші, үшінші жылы да тағы да ақшалар құйылады ғой. Біз мүддеміз ол жобаның тиісті деңгейде жаңа технологиялық талаптар бойынша жүзеге асқанына. Сондықтан қоғамдық кеңес құрамына кіріп, бақылауға қатысуыңызды сіздерден сұрап отырмыз ғой. Сіз айтып отырсыз ғой, өңделгенін қалаймыз. Оның экологиялық таза болғанын қалаймыз деп. Сондықтан қоғамдық кеңеске кіріңіз де, бақылауда ұстаңыз. | **Түсірілген** |
| | **Данара:** Осы ауылдың қоғам белсендісімін. Менің сұрағым қазір, мысалы, ревизионный комиссия деп тұрсыздар ғой. Сол как обязательная наблюдательная ревизионная комиссия қанша адам аласыздар? И қашан соны создавать етеміз. Мына халық, сіздерге айтарым, бұл бізге керек нәрсе. Ал рұқсат бермедік дедік, 3 гектар болған мусор қазір 15 гектар болды. Соның кішкене ғана бір бұрышы өртенгенде, қалай тұншықтыңыздар. Қандай альтернатива сіздер ұсынасыздар? Альтернативті шешім жоқ бұған. Сіздер айтып жатсыздар, болшақ деп, экология деп. Бүкіл әлемге әйгілі мусордан Қоянды ғой, соны өзіміз істейміз ғой. Қазір 25 ауыл мен қаладан күнігe мусор әкеліп жатыр. Қаншама камазбен келеді, неге соған қарсв емессіздер сіздер? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Қашан зауытты ашамыз, сол кезде өкілдерді қабылдап. Ертең-ақ ашуға болады | **Түсірілген** |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Біздің болашағымызды ойлайсыздар ма? Ана кісі айтып отыр. Жаңағы ешқандай иіс жоқ, мүйіс жоқ деп. Енді қараңыздар, астана бері қарай созылып, келе жатыр, Қоянды әрі қарай созылып бара жатыр. Ертең мусорларыңыз тіреліп тұр ғой. Полигонды точно жабасыздар. | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Бұл жерге зауыт салу өз еркіммен келген шешім емес. Алдында айтқанымдай, менің жерім болды, оны ластап тастады. Әкім мырза сомен полигон жасауды ұсынды. Енді ген.план бойынша, мына жақта зона отдыхалар бар, яғни ауыл өспейді, өссе де ана жаққа өседі. Ген.план бойынша бәрі есептелген. Яғни, біздің қоқыс полигонына тірелмейді қала. Сондықтан да мемлекеттік органдар рұқсатын беріп тұр. | **Түсірілген** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Бір сұрақ, сіздер уже мына жерде төрт бес статья бойынша нарушение жасадыңыздар. Сіздер мына зеленый зонаға алып келдіңіздер Астананың. Бұл жерде зеленый зона. Білесіз ғой. Назарбаев көкемнің салып кеткен зонасы, бұдан кейін ғана, осы зонадан кейін ғана салынуы керек, утилизационный заводтар ма, химический заводтар ма, уже сізге бір статьяға келіп тұрсыздар. Екінші статья, сіздер халықтан міне сұрамай, бір халықтан сұрамай Айбектің кезінде уже осы мусорды әкелдіңдер, ана жерде төктіңіздер. Ана жерде экологический… мен кеше сырттан ғана бинокльмен қарап жүрдім. Кеше өз көзіммен барып көрдім. Полигонды өз көзіммен көрдім. Ана жердегі бардакты енді мен білмеймін. Ана экологический министр естісе или Назарбаев көкеміз естісе... Сосын сізге айтайын ана пиролизный пеш деген ол просто. Ол жарайды, ол шығарады. Бір какой-то бір он-ақ процент мусордан отработка жасайды. А оның ішінде өлген өлексе бар. Мысықтың, малдың сүйегі бар, резеңке бар. Оның бәрін сіз айтасыз. Жердің астында жаңағы үш метрге дейін жердің астынан ешқандай суға бармайды. Сексен процент Қоянды жердің астындағы сумен күн көріп отыр, фильтр салып. Қазір Қояндының жартысының жартысында ғана су бар. Артезианский суды білесіз бе? Сіздер одан басқа бізде мына Қояндының астында қаншама минералдық байлық бар екенін білесіз бе? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр:** Біз салып жатқан жерде жер асты су жоқ<br><br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Мемлекеттік оргнадар өз эксперизаларын жасады. Ана айтып жатқан компанияларыңыз, вот солар артезианның үстінен қояйын деп жатыр. Біздікінде заключениесі бәрі бар. Мен водник емеспін.<br>Мен сіздерге көрсетейін 4 жыл бұрын қандай болғанын. Экологиясының қандай болғанын көрсетейін. Әкімшіліккке арыс жаздым. Сосын әкімшілік өзі осы жерді ал, өнде деді. Қазір 700 миллиондай ақша кіргіздім.<br>Ана қаланың полигонының айналасы бар. Жасыл аймақ жоқ. Ондай емес. Ондай емес. Мәселе енді бұл жайлы мынау бүгінгі күні оның өзінің экспертизасын өткізді. Например, ана кеше келген ана қаладан келген компания сол үстіне қояйын деп жатыр. Ал біздікін зерттеді. Заключениесі бәрі бар. Мен водник емеспін. Олардың екі басы жоқ. Ертең сотталады | **Түсірілген** |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Жақсы, зауытыңызды саласыз дейік. Енді сұрақ: осы күнге дейін жатқан мусорлар өңделеді ме? Немесе тек жаңалары ғана ма? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Қазір жиналған мусорды оның төбесінен технология бойынша қазір оны консервировать етуге болады. Бір слой топырақпен жауып. Содан кейін кейін грохот деген бір мынандай диск бар. Жаңа Виктор Николаевич деген дұрыс түсіндіретін еді. Сіздер орысша сөйлейді, деп оны қайта сыртқа шығарып жібердіңіздер. | **Түсірілген** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Біз қазір видео түсірдік. Біз акиматты сотқа береміз. Біз сіздің үстіңізден сот ісін жүргіземіз. Сіз 2 жыл бойы ол жерді мал шаруашылық мақсатында алып, пайдаланбадыңыз. Енді келіп осындай дау шығарып тұрсыз. Сіхдер қазір халықтан рұқсат алу үшін құрылысқа келіп отсыздар. Мынау қазір 3-ші тыңдалым. Әлі соңғы нақты шешім шықпады, халық келісімін берген жоқ. Бірақ неге сіздер уже өз жұмыстарыңызды бастап, мусор қабылдап жатсыздар? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Біріншіден, жаңа сотқа береміз деп жатыр ғой. Ол өз еркін. Бірақ та мен менің арыздарым бар. Менің экологияға, әкімшілікке арыздар, міне хаттар қазір жатыр регистрациясын, содан кейін ғана маған мақсатын ауыстырып берді. Содан кейін ана жерді тазалаңдар дедім. Одан әрі түнде де, күндіз де, милиция да тұрды. Ол жерде экология да тұрды. Жерден ештеңе шыққан жоқ. Енді әкімшілікке барғанда әкімшілікке осы жерді ауыстырып беріңдер дедім. Көрген кезде өзің кіріс деді. Осындай техникаң бар деп. Мен айттым ғой, жеті сегіз айдай жүрдім. Мен келіспеймін ол жақта білімім жоқ дегендеріңізбен. Мен анда-мында бардым. Міне Николаевичты таптым. Басқалардың тәжірибесін көрдім. Бәрін тапқаннан кейін ғана барып әкімге айттым. Жарайды, маған жерді ауыстырыңдар. Ақша таптым. Инвесторлар таптым. Сол кезде маған мақсатын ауыстырып берді. Әкімшілік облыс әкімі де берді. Пожалуйста, ол кісілерге сотқа берсеңіз, әр адамның құқысы бар. Оған ештеңе айта алмаймын. Екінші сұрақ, мусор тасып жүр. Біз жалғыз анау экология кодекс бойынша уведомительный характер деген бар. Біз қытайлармен сөйлескенде, Қытай инвесторларымен, біз Ол мусордың морфологиясын білуіміз керек. Ертең біз оларға ақша саламыз. Сіздер ойлайсыздар, о мына зауытты салды. Ақшаны сыпырып алады. Қолына білдей кәсіп етіп қысып алады деп. Қайтару үшін ол ақшаны он жыл кетеді. Он жыл кетеді. Біз зарплатада отырамыз. Қытайлар келгенде оны қытайлар жасайды. Енді алып келіп жатқаны, морфология экологиялық заң бойынша бірінші, екінші, үшінші, төртінші категория мусорлар бар. Төртінші категория, ол неопасные отходы и объемдары. Қаланың ішінде до пятидесяти тысяч тонн біз қабылдап, сортта жатырмыз. И заң бойынша күніне екі-үш машина кіріп жатыр. Қазір тағы айтып жатыр ғой. Өзбектер жүрді. Мен сол үш машинеге көп адам таси алмаймын. Линия болмаса, жылы жер болмаса істей алмаймын. Маған қазір қанша пластик, қанша процент темірдің әр түрлері қанша процент, ана әйнектің қанша түрі бар соның бәрін өзім… оған да келіп жатқан адамдардан мен пайда да алмаймын. Істеп, зарплатасын алады. Он тоғыз ауыл бар. Біз бармыз. Астана бар. Ол Қояндының полигонына тасып жатыр. Қоянды полигоны өртеніп жатқан, тасып жатқан ол Қояндының полигоны. біз сұрыптаймыз, қайтып жібереміз. Әрбір компаниямен договорларын көрсетейін. На вывоз обратно қалдықтарын вывозить етеді. Бізде технический базамыз, екі-үш экскаватор бар. Бір экскаватордың өзі қаншама техника, ақша. Біз проект бойынша жүреміз, налево-направо іс әрекеттене алмаймыз, себебі сотталып кетеміз. Ол бізге керек жоқ.<br>Сіздер қазір жаңа күмән білдіріп, бірнеше күмәнді сұрақ қойдыңыздар ғой. Күмәнді сұрақтар болмау үшін бақыла… осы зауыттың құрамына кіріп, бақылау жасаңыздар деп ұсыныс ретінде айтып жатырмыз. Енді сіздің барлық сұрақтарыңызға жауап беріп отырмыз ғой. | **Түсірілген** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Жалпы переработка жасаймыз деп жатыр ғой. Ауылдық округ бар, 19 ауыл бар, біз бармыз. Біздікі мынау сұрыпталуға келмейтін мусор. Яғни бүкіл технологиясы бар, заманауи, асты бентонптпен жабдықталған, ТБО бойынша сондай жасауға мақсат қойғанбыз ауылға. Сұрап жатыр ғой, мынаны жауып тастаса басқа қайда жібересіздер деп. Бұл проектті жаңа объект кезінде айқай-шу болғаннан кейін 7 гектар Софиевкада жер уже бекітіліп қойған. Проектқа 5 миллион ақша төленіп, компания алған. Соны біз ұсыныс айттық, барғанда. Неге бұны көтермейміз, неге болашағымызды ойламаймыз. Мына сортировка дегеніңізді түсініп отырмыз. Астананың өзінің қазір екі полигоны жабылайын деп тұр. Өтікені сыймай бара жатыр. Одан бөлек қаншамасы ашылып жатыр. Сіздер өздеріңіз ертең үлгере алмайсыздар да. Ауданның мақсатын түсініп отырмын. 19 ауылдан апарып, жағдай жоқ, әйтеуір бір жерге апарып, айдалаға төге салу керек. Сіздерге жүктеме жасалынып жатыр, ол дополнительный не... Мен шындап келгенде, дұрыс қой, Қояндының мусоры қайда барада деген, ол өзіміздің ішкі проблемамыз. Біз оған ұсыныс айттық. Проектт бар. 7 гектар жер бар, соны жоспарлайық. Кеше келген инвесторларды мен танымаймын. Бірақ менің мақсатым комитетті, ТБО-ны ұйымдастыру керек. Ерте біз қала типтіс поселок болсақ, жаңағы сортировочный контейнерлердің бәрін қойса, халық кішкене болсын тәртіпке келіп бастайды. Қазір ол жерде неше түрлі боғы да бар, навоздың өзін барып төгіп жатыр, боқ, малдың өлгені бар. Біздің проблема, даже скотомогильник жоқ бізде. Біз неге поэтапно шешпемйіз бұларды? Айтты ғой, сіздің бағытыңңыз дұрыс болмады деп. Біздің мақсатымыз қалаға жақындау, ал жақындайын деп жатсақ, ортада полигон тұр. Сіздер қазір бір линиямен 19 ауылдың мусорын алып, оны ала алмайсыздар, переработкаға жатпайды ол. Сіздердің мақсаттарыңыз қаланыкін алып келу, как бизнес, мен оны түсініп тұрмын. Сол бір линияңыз үлгермейді бәрін қабылдап. Сіздердің басқа бір мақсаттарыңыз бар ма? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Біз өзіміз проект бойынша қанша мусор қабылдаймыз, содан аса алмаймыз. Біз проект бойынша жүреміз, налево-направо іс әрекеттене алмаймыз, себебі сотталып кетеміз. Ол бізге керек жоқ. Бәрі проект бойынша жүреді. Қалған мусор ол өздерінің проблемасы, Астананың мусоры сол жердің проблемасы. 16 ауыл тасиды дейсін. Мен Аканның көршісімін, 16 ауыл тасығанын көрген жоқпын. Ана Қабанбайға тасиды, құжаттары жоқ олардың, Талапкер жақты ластап жатыр. Қалғаны осы Қояндағы Қызылсуат, Шұбар. | **Түсірілген** |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Бізге ТБОны полноценно 2022 жылы салып береміз деген. Проект болған. Өкімет саламыз деген | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Софиевка туралы айтайын. Мен сол жерде алдын жасағанмын жерорналастырушы кезінде сол институтта директор болып жасағанмын бірнеше жыл. Не болып жатыр айналада, газ қалай өтеді бәрін қарағанмын. Софиевкада ешқандай проект жоқ. Құр бөлінген мусорка. Мусорка деген экологияда аты да жоқ. Софиевкада ондай жоқ. Сіз проектіңізді көрсетіңізші, жалпы бір проектке қаншама ақша тұратынын білесіз бе? Кеше айтып жатсыз бентонитовые плита, мына АрқаТазалықта жоқ ондай деп бізге қарай келтіріп жатсыз. Мен естідім ғой, видеода көрсетті оның бәрін маған. Сомен дұрыстап айтыңызшы, қандай проект екенін бізге көрсетіңізші, ол Софиевканың адмдары жиналып, сіздер сияқты қарсы болмайды ма? Астында суы бар ма, мүмкін қасында скотомогильник бар шығар ауру бәрін тарататын. Бізде экспертиза бәрі бар, мемлекеттік құзырлы органдар берді. | **Түсірілген** |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Сіздерді полигон емес, переработка больше дұрыс па? | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Енді полигон салынады ғой, ол бір күнде бітетін зат емес қой. Біз Беларуссияға барып, мына проектттi қарсаңыз 70 миллиондай ақша кетті. Барлық технологиясы бар, ана сортировочная лента қанша тұрады, қай маркі, қай қала, бентонитті плиталар қайдан аламыз, ана пиролизный пештің қай маркісін аламыз, барлығы жазылып тұр. | **Түсірілген** |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Өтірік айтпаңыз, мен кеші көрдім жоқ болды | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Сіз бір-ақ қағазды көрдіңіз, түсінбедіңз де. Бүгін барайық, барлығын көріңіздер. | **Түсірілген** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Халықтың рұсатынсыз сіз ештеңе жасай алмайсыз. Сіздер қазір бізді тыңдауларын керексіздер<br><br>**Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Біз біржарым жыл болды бақылап келе жатырмыз, видеофиксация, аудификсация, суретке түсіру, бәрі бар. Сіздерде қазір стихийный полигон. | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Нұрғалиев Ернұр::** Сіздер қазір жаңа күмән білдіріп, бірнеше күмәнді сұрақ қойдыңыздар ғой. Күмәнді сұрақтар болмау үшін бақылау… осы зауыттың құрамына кіріп, бақылау жасаңыздар деп ұсыныс ретінде айтып жатырмыз. Енді сіздің барлық сұрақтарыңызға жауап беріп отырмыз ғой.<br><br>**"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Облыстан да әкім келді, ауданнан да. Бізде мусор тастайтын жер жок. Сәйкес жер жоқ, барлық жерде су. Мынау Северные Гряда жак тау, ары қарай оның бәрі экология. Мен ақшамды салғанмын, әкімшілік рұқсат берді, қаншама миллион салдым. Енді 4 жыл сол жерге мусор тасталвнғанда неге мен үндемедім? | **Түсірілген** |
| | **Қоянды ауылының жергілікті тұрғыны:** Біз сізге қарсы емеспіз. Халық қарсы емес бұл зауытыңызға. Біз просто Қояндының территориясында салғанға қарсымыз. Өтікені мына жерде полигон ашылса, утиль... | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Мен сіздердің переживанияларыңызды түсінемін. Мен де сіздердің қатарларыңыздан болатын едім. Бірақ шын зерттегенен кейін мен түсіндім, оның еш зияны жоқ. Дұрыстап жасасаң зияны болмайды, керісінше жұмыс орындары болады. Мына суретке қарасаңыздар, қала ішінде тұр міні. Осы Шынжаңға барып, қарап зерттедік қой біз. | **Түсірілген** |
| | **Қуантай:** Осы күнге дейн мен айттым, зауыт салынсың, мусорды бір жерге жиу керек деп. Біз қарсы емеспіз, қолдаймыз. Егер осы зауыт салынбаса мен айттым, біздің срок бітеді, ол жерге мусор төгуді токтатамыз. Егерде Софиевкадан или басқа жерден жер берілмесе, мусор төгетін жер болмайды. Сондықтан ауылдастар жақсылап ойланыңыздар. Сонда мына мусор төгуді доғарамыз, әрі қарай ол мәселенің шешімі қалай болмақ? Сондықтан ауылдастар, жақсылап ойланып, шешім шығарайық.<br><br>**Бибігүл Алпысбаевна:** Мен как общественник халықты ойлайтын, халық сөзін сөйлетін адаммын. Мен өзім осы тақырыпта, карьерлермен, проектировщиктармен сөйлесіп жүрген адаммын. Бірақ әр ауылдың өзінің интриганттары болады, которые түсінбейді. Мен мына проектті өз көзіммен көрейін дегенмін, принципиально. . Ең бірінші жеті миллиард бір жарым миллиард салатындарыңыз это уже радует. Одан кейін полигон. Бізде, мына Қабанбай ауылына мен бардым. Шынында да жаңағындай недоработанный көп нәрсе, Қосшыдан аша алмай жатырмыз. Полигонға жер жоқ. Мына қарсы болып жатқандар, олар өтірік спектакль ойнап тұрғандар. По-любоиу ашасыздар, собрание өткіземіз, бүкіл общественниктарды жинаймыз, депутаттарды жинаймыз, полигон саламыз. Полигон салынады. | **"Арқа-Тазалық" ЖШС өкілі Рыскулов К.С.:** Сөзіңізді бөлдім, айтып кетейін, бізде жылына қабылдайтын норма бар, одан аспауымыз керек. Қалғаны өздерінің мәселесі. | **Түсірілген** |

15.Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатын құжаттардың сапасы (негіздememен) туралы пікірі, оларды түсінудің толықтығы мен қолжетімділігі тұрғысынан тыңдалған баяндамалар, оларды жақсарту жөніндегі ұсынымдар:

Қаралып отырған құжаттың және тыңдалатын баяндаманың толықтығы мен оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан сапасы халықтан түскен жоқ.
(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

